

Ж.Қ.Кішкенбаева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Көркем мәтіндегі «автор», «баяншы», «әңгімеші» ұғымы

Мақалада көркем шығармадағы баяншы және әңгімешінің ролі мен орны, олардың ортақ және ерекше белгілері қарастырылады. Мақала авторы баяншының кейіпкер бейнесін оқырманға жеткізу және оның өмір сүретін ортасын суреттеу шеберлігін баяндайды. Сонымен қатар кейіпкердің ішкі жан-дүниесін бере отырып, суреттеу шекарасынан өту шеберлігін де әңгімелейді. Сондай-ақ «автор бейнесі», «баяншы», «әңгімеші» ұғымдарына қатысты ресей және қазақстандық ғалымдардың жүргізген зерттеулері де зерделенеді.

Кілтті сөздер: баяншы ролі, әңгімеші орны, көркем шығарма, кейіпкер бейнесі, баяндау шекарасы, кейіпкердің ішкі жан дүниесі, ұғым, автор бейнесі.

Көркем мәтін — өзара ішкі байланыстары мол көпқабатты құбылыс. Әдеби шығармада сюжет оқиғалардың тізбегінен, яғни уақыт-кеңістік қатынасындағы кейіпкерлерінің өмірінен, бір-бірімен алмасып отыратын әрекет-жағдайлардан тұратыны белгілі. «Адамзат тарихының әр түрлі кезеңдерінде әдеби мәтіннің жиі-жиі гуманитарлық ойлаудың өзегіне айналып отырғаны, қоғамдық пікірге әрқилы қозғау салғаны мәлім, сондықтан әрбір гуманитарлық ғылымның әдебиетпен байланысы жөнінде зерттеулер көп, әлі де жалғаса бермек. Әдебиет ең алдымен сөз өнері болғандықтан, дара ғылыми бағыт ретінде өнертанудың әдеби мәтінге деген қызығушылығы түсінікті. Тілтанудың да әдеби мәтінді өз зерттеулерінің негізгі нысаны етуі заңды. Түйіп айтсақ, көркем мәтінді жүйелі қарастыруға деген ықылас мынадай төрт ірі ғылыми салаға тиесілі екен: әдебиеттану, лингвистика, өнер семиотикасы, аударматану. Бұл салалардың өзі іштей арнайы мәтінтанушылық мақсаты бар ірілі-ұсақты бағыттарға бөлінеді». Сонымен бірге қазіргі кезде мәтінтануда салааралық пәндер де жедел дамып келеді, оларды көркем мәтіннің мазмұндық, прагматикалық, пішіндік жақтары қызықтыруда» [1; 51].

«Мәтіндегі автор» мәселесі ХХ ғасырдың екінші жартысында постмодернистердің жан-жақты зерттеу нысанына айналды. Олар көркем мәтіндегі автор бейнесін әдеби туындының көптеген мағыналық деңгейлерінен іздей бастады. Тіпті қаламгердің физиологиясы мен психологиясының да әсерін анықтауға тырысты. Американдық ғалым Л.Фидлер осы ыңғайда ерекше белсенділігімен танылды. Оның ойынша, жазушы әдеби персонаждар психологиясы арқылы өз үрейі мен қорқыныштарын бейнелейді. Сонымен қатар автордың көпке белгісіз жасырын портреті де әр түрлі образда көрінеді екен. Ғалымның пікірінше, көптеген американдық жазушылары сол қоғам үшін ең қауіпті қорқыныш — жолы болмағандарды суреттеу арқылы өзінің де сол қатарға қосылмаудан үрейленетінін көрсетеді екен. Ал «good bad boy» сияқты әдеби бейнелер арқылы Американың басты құндылықтары жария етіледі. Нақ осындай «жақсы жаман жігіттер» мемлекеттің өркендеуіне ықпал еткені тарихтан белгілі, суреткерлер қоғамдық пікірге өз қолдауын осылайша көрсеткен екен.

Зерттеушілер автор мен персонаж арасындағы басқа да жағдайларға назар аударған. Автордың екіге жарылуы, қалқа бөлінуі, қосамжарлығы да байқалатын шығармалар бар. Флобердің аса күрделі авторлық «мені» «Қара мен қызыл» романында бірнеше кейіпкерге айналғанын әдебиетшілер айтқан. Ағайынды Карамазовтардың психологиялық бітімінің Ф.Достоевскийдің әр түрлі мінез-құлықтарына ішінара ұқсас екендігі туралы пікір айтқандар баршылық. Мұндай көзқарастардың олқы тұстары жетерлік. Л.Толстойды «Соғыс пен бейбітшіліктің», М.Әуезовті «Абай жолының» қанша кейіпкерінен іздеуге болар екен. Мұндай кейіпкер саны көбейген сайын автор бейнесінің де көмескілене бастайтынын ұмытуға болмас.

Түйіп айтқанда, «мәтіндегі автор» мәселесі нақтылықтан гөрі көркем функцияға жақындау. Мәтіндегі сөз иесін оқырманның белгілі бір кейіпкерге ұқсатуға тырысатыны жиі кездеседі. «Автор образын» іздеудің осындай талпыныстары көбінесе жазушыға тән делінетін «баяндауға» сүйеніп жасалатыны белгілі. Автор баяндауды ауызша әңгіме, толғанис, монолог, мінәжат түрінде ұйымдастыруы мүмкін, кейде оның өзі ауызекі баяндауды тыңдаушы да бола алады. Автор мәтінде мемуарлық жазбалардың, күнделіктің, хат-хабардың иесі ретінде де қабылдануы оқырманға ол туралы әр түрлі ақпарат береді. Орыс ғалымы В.А.Кухаренко осындай шартты белгілерді негіз ете

отырып, мәтіндерді жүйелеудің өзіндік үлгісін ұсынған. Ол автордың мәтіндегі әңгімелеу «сөйлеу» түрлерінің әдеби мазмұн мен пішінге әсер ететінін айта келіп, сөйлеу мен баяндаудың айырмашылықтарына тоқталған. Мәтіннің үздік-создық орналасуы оны ауызша әңгімеге ұқсатуы мүмкін. Өзінің шығармаларын ауызша айтып, кейін жазбаша баяндап бергендер аз емес қой. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының соңғы кітаптарының дүниеге осылай келгендігін автордың өзі де, куәгерлер де айтқаны белгілі. Ғалым баяндаудың сөйлеуге жақын түрін коды бар, ал баяндалуы әдеби нормаға тән жазба мемуарларға ұқсас мәтіндерді — коды жоқ деп ажыратқан (Кухаренко, 1988). Бірақ шартты белгілерге сүйенген мұндай жүйелеудің кемшіліктері бар, оны кез келген мәтінге қолдануға болмайтыны көзі қарақты әдебиетшіге бірден көрінеді. «Ауызша айтылым» мен «жазбаша айтылым» деген ұғымдардың төңірегінде талас жетерлік. Оған қоса бұл жүйелеу негізінен прозалық туындыларға жарайтындай, ал Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты», Т.Ахтановтың «Ант», Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» шығармаларының мәтінін талдауға, мұны қолдануға келмейтіні түсінікті шығар. Нарративтік поэзияға жататын көптеген қазақ поэмаларын да бұл жүйелеуге сыйдыру қиын шығар. Аталған белгілердің типологиялық қабілет-қарымы да шектеулі екендігіне сөз жоқ. Поэзиялық толғаныс түріндегі шығармаларды, ұлттық толғауларды «сөйлеудің» қай түріне жатқызамыз деген сұраққа жауап беру оңай емес, оларды кодталмаған мәтін деп айтуға кімнің аузы бара қояр екен.

Әрине, ауызша баяндау мен жазбаша баяндаудың тілдік, поэтикалық айырмашылықтары бар, бірақ оларды мәтінді жүйелеуге негіз етіп алу үшін әлі де болса зерттей түсу керек екендігіне назар аударғанды дұрыс көрдік. Демек, «мәтіндегі автор» арқылы әдеби туындыларды жүйелеу көбінесе шартты формалық белгілер мен құбылыстарға сүйенетіні белгілі болып отыр. Асылы — оны мазмұн тұрғысынан жіктеген дұрыс шығар. Мүмкін баяндаушының тұлғалық ерекше қасиеттері мен персонаждардың адами әлеуеттерінің де баяндауға өзінше әсер ететінін ескеру керек шығар? Сөйлеу мәнері, айту үлгісі, хабарлау барысы сөз иесінің талант-талғамынан, білім-білігінен ғана ақпарат беріп қоймай, оның тыңдаушы мен оқырманға қатысының шама-шарқын білдіретін болар. Автордың ерен мінезі, ерекше сүйкімі, шырқау шабыты, тегеуірінді пәрмені де мәтінде өзгеше көрінетінін әркім-ақ айтып жүр. Рас та болар. Дегенмен бұлардың субъективтік сипаты басым, ал мәтін сапасын анықтауда объективтік қасиеттерге көбірек иек артуды зерттеушілердің дені қолдайды. Айналып келгенде мәтіндегі тіл мен айтылым сапасы жазушының өзіне тікелей тәуелді екендігін жоққа шығара алмайсыз. Мысалы, «тәтті» сөзі мен «у» сөздері белгілі бір тілдік нормаларға сәйкес қолданылып жүр. «У» деген ұғымға «ащы» деген сөз семантикалық өріс болып, «у» — ащы» деген нормативтік мағына тұғызады. Ал М.Жұмабаев өз өлеңінде «тәтті у» деген тіркесті қолданған, яғни бір қарағанда «норма» бұзылғандай, бұл жағдайда Мағжанның махаббат азабы сияқты үлкен құбылысты бір тіркеске сыйғызған ақындық поэтикалық табысын, айқын дауысын, суреткерлік тапқырлығын қалай бағалау керек? Мәтіндегі «тілдік норма мен одан ауытқуды» автор тұлғасының даралығымен, оның оқшаулығымен тікелей байланыстыра салу да сыңаржақтыққа ұрындыруы әбден мүмкін. Өйткені «сезімталдық» пен «салғырттық», «ой қисындылығы» мен «жүйесіздік», «құстамдылық» пен «құштарлық» сияқты дихотомиялық ұғымдар да «мәтіндегі автор» бейнесін өзінше сипаттайтыны түсінікті. Бұлардың мәтінде әркімнің көрінетіні көп нәрсеге байланысты, дегенмен араласа жүретін кездері көп. Мәтіннің экспрессивтік әлеуетінің шамасын айқындауға деген ұмтылыс ғылымды көптен бері толғандырып келген, әлі де оған деген қызығушылық жетерлік. Ч.Осгуд пен оның жақтастары «лексикалық бірліктердің семантикалық дифференциалы» деген өлшем арқылы мәтіннің «қызуын» анықтауды ұсынған болатын. Оқырманның жан-жүрегін қобалжыту, уылжыған уыз сезімге бөлеу, құйқылжыған құбылма сезімге еліту, желкілдек қуаныштың шашуы мен зіркілдек өкпенің ашуын тізбелеу автор қолында, осылар арқылы ол айтылымның эмоционалдық қуатына әсер етеді. Көркем шығарманы талдау барысында «эмоция» сияқты психологиялық терминдерді қолдану бар уақытта орынды бола бермес. «Ішкі сезім» (Мағжан) авторға да, оқырманға да тән болса, «сезімтал адам» мен «сезімге толы сөз» әрқалай ұғымдар, әрі олардың мәні нақты емес, ендеше мағынасы тұрақты, семантикалық сипаты айқын «эмотивтік» деген қалыптасқан терминді қолданған жөн болар. Өйткені «эмоционалдық» мәтіндегі авторлық эмоцияның көрсеткіші ұғымына жақын болса, «эмотивтікті» — оқырман бойында эмоция тудырушы түсінік деген мағынасында қолдану орын алған. «Эмотивтік» терминін алғашқы болып ғылыми айналымға енгізген А.Ричардс (1924) болатын. Бейнеленіп отырған құбылыстарға оқырманның сезімі мен ықыласын оятуға арналған көркем мәтіннің осындай қасиетін ғалым негізінен поэтикалық тіл құдіретімен байланыстырады. Мұны ғылыми мәтіндегі референциямен (нақты деректерге жүгіну) шатастыруға болмайтынын ескере келіп, А.Ричардс

номинацияға (аталуына) да мән бергенді құптайды. Аталмыш көзқарас XX ғасырдың басында Р.Якобсон айтқан белгілі идеяға жақын. Коммуникацияның лингвистикалық теориясын жасау барысында ол да «эмотивтік» деген сөзді қолданған еді, бірақ бұл түсінікті ол айтушының айтылып тұрған ойға деген қатынасының көрінісі деген болатын. Ғалымның тілтанудағы ізбасарлары оны кейінірек «эмоциялық» деген атауға ауыстырды. Жалпы, бұл терминдердің мағынасы екі түрлі болғандықтан, оларды ауыстырмай, әрқайсысын қажетіне қарай орнымен жұмсау керек. Себебі эмоциясы көп, эмотивтігі кем шығармалар бар, керісінше ұйымдастырылған мәтіндер де кездеседі.

Көркем мәтіннің құрылымы түрлі компоненттерден тұрады. Олар көркем туынды тілінің эстетикалық заңдылықтарына бағынып, көркемдік-тілдік жүйе құрап, шығарманы жинақыландырады. Шығармадағы баяндаушы — автор бола отырып, ол суреттеліп отырған мәселеге өзіндік көзқарасын білдіреді. Яғни, автор туындыдағы оқиғадан оқиғаны тудырып, соған жетелеп, кейіпкерлерін сөйлетіп отырады. Шығармаға өзек болатын өмір құбылыстарын сұрыптап алып, оған идеялық бағыт беріп, бейнелі күш дарытатын, бір сөзбен айтқанда, шығарманың идеялық мазмұнын қалыптастыратын жазушының өз бейнесі — автор бейнесі деп аталады. Автор бейнесі шығарманың тілінен, оқиғаның жүйесінен, баяндау стилінен танылады.

Автор бейнесі қай кезең әдебиетінде де барша қырынан көрініс беріп отырған. Мәселен, XIX ғасырда автор бейнесі, бір жағынан, баяндаушы бейнесін объективтендіруге бағыт ұстанса, екінші жағынан, керісінше, субъективтендіруге бет бұрды. Алғашқысында (натуралистік бағыт) оқиға автордың қатысуынсыз, өздігінен болып жатқандай беріледі, сондықтан романда диалог үстемдік құрады. Соңғысында (психологиялық бағыт) кейіпкердің ішкі ой-толғаныстарын беру алдыңғы кезекке шығатындықтан, ортақ төл сөз формалары пайда болды.

Туынды сюжетін құрайтын оқиғалардың өзара қатынасы түрліше болады. Кей жағдайда оқиғаның біреуі алдыңғы кезекке шығып, бір әрекеттің желісінде өрбиді. Бұл жағдайдан басқа шығарманың оқиғалары бір-бірімен тең түрде дамып, өзінің басталуы мен аяқталуын дербес сақтайтын сюжеттер де болады. Бұл туралы әдебиет зерттеушісі В.Хализев: «Туындының басталуы мен аяқталуы — эпизодтық фабулалар. Мұнда оқиғалар өзара себеп-салдарлы байланыста болмайды. Олар тек бір-бірімен уақыт жағынан ғана байланыста», — деген пікір білдіреді [2; 253].

Көркем мәтінде берілген үлкенді-кішілі әрекеттердің бірлігі сюжет, идея, кейіпкерлер арқылы қабысады. Автордың толғамы әр түрлі ситуация ішінде шектеусіз көрініп отырады да, шығармадағы оқиғалар уақыттан тыс, кешенді де сипат алады.

Көркем шығармада баяндаушы немесе әңгімешінің орны ерекше. Олардың ерекшелігі оқиғаны жеткізулерінен айқындалады. Біреуі оқиғаны үшінші жақтан баяндаса, екіншісі оқиғаның қатысушысы ретінде көрінеді. Зерттеуші В.Хализев: «Оқиғаны өз атынан тікелей баяндайтын адамды әңгімеші деу керек», — дейді [2; 258]. Үшінші жақтан баяндайтын адам өзін бәрін білетін автор ретінде немесе белгісіз, жасырын әңгімеші ретінде көрсетуі мүмкін. Бірінші жақтағы баяншы тікелей автор да, нақты әңгімеші де, шартты түрдегі баяншы да болуы мүмкін. Осы жағдайдың әрқайсысында олар әр түрлі мүмкіндіктерімен ерекшеленеді. Енді бір жағдайда мәтіннің авторы өзінің нақты позициясын әр түрлі: өзі арқылы, жасырын автор түрінде, аты аталмаған басқа кейіпкерлер атынан да беруі мүмкін.

Баяншы оқырманға кейіпкердің әрекеттері туралы баяндап, оның өту уақытын белгілеп, кейіпкердің бейнесін, ортасын суреттеп, оның ішкі дүниесін ашады. Бұл кезде ол бәрінен тысқары тұрады. Баяншының міндеті бір мезгілде өзі бейнелеп отырған шектеулі кеңістікте көріне отырып, оның оқырмандарына да арналады. Яғни автордың бейнелеп отырған кеңістігінің сыртына да шығып кетеді. Бұған кейіпкердің өткен оқиғаларды еске алуы немесе болашақты елестетуін жатқызуға болады. Сонда баяншы белгілі бір адам бейнесі емес, ол қызмет, функция деген жөн. Баяншының автордан өзгешелігі, ол суреттелетін уақыт пен кеңістіктен тыс тұрады. Сондықтан ол алдыңғы кезекке тез өте алады немесе кейін орала алады. Сол сияқты оқиғаның алдындағы мәселені немесе оның нәтижесін біліп отырады. Алайда оның мүмкіндігі көркемдік бүтіндіктің шектеулігіне байланысты. Баяншыға қарағанда әңгімешінің ерекшелігі автор мен оқырманның ойластырған әлемінің шекарасында емес, бейнеленетін шындықтың бүтіндей ішінде болады. Барлық негізгі мәселелер «өзі әңгімелейтін оқиға» бұл жағдайда бейнелеудің негізіне, ойдан шығарылған шынайылықтың айғағына айналады.

Әңгімешінің бейнесі — характер, немесе «тілдік тұлға» [3], — субъектіні бейнелейтін негізгі айырма, яғни әңгімеші — бейнелеудің субъектісі. Ол жеткілікті түрде объективтеніп, белгілі бір әлеуметтік-мәдени және тілдік ортамен байланысты болады да, көркем шығармадағы басқа да

кейіпкерлерді бейнелейді. Баяншы, керісінше, өзінің қызметі жағынан автор-тудырушыға жақын. Осымен бір мезгілде кейіпкермен салыстырғанда ол неғұрлым бейтарап тілдік ақпараттарды жеткізуші. Кейіпкер неғұрлым авторға жақын болған сайын, олардың тілдік айырмасы аз болады. Баяншының дәнекерлік қызметі оқырманға өткен оқиғалар мен әрекеттер жайлы жеткілікті де сенімді мағлұмат беруге көмектеседі. Әңгімешінің дәнекерлік қызметі бейнеленіп отырған әлемнің ішіне кіруге, оған кейіпкердің көзімен қарауға мүмкіндік береді. Біріншісі белгілі бір сыртқы көзқарастармен байланысты. Ал, оқырмандарды оқиғамен тікелей таныстыратын шығармаларда (мәселен, күнделік, хат, монолог) баяншылар болмайды. Сонымен кең түрде алғанда баяндау — баяндаушы, әңгімеші, автор бейнесінің сөйлесулерінің жиынтығы бола отырып, бейнеленіп отырған әлем мен оқырмандардың арасындағы дәнекерлік қызмет деген сөз. Яғни, баяндау кең түрдегі мағынаға ие болады. Ол суреттеу, ой толғау, тікелей және жанама түрде көрінетін тілдік құрылым ретінде көркем шығармада барынша кең қолданылады.

Баяндау тікелей мағынасында ақпаратты жеткізу қызметін атқарады. Бұл кезде берілетін ақпарат бейнелі, көркем түрде жетеді де, оған суреттеу, бейнелеу, портрет, пейзаж, хабарлау кіреді. Суреттеу кезінде баяншы оқиғаны, оның өту орнын, кеңістігін сипаттап, қосымша ақпарат, мәліметтер береді. Бейнелеу негізінен көркемдеу тұрғысында, яғни, оқиғаның өтетін орнының жекелеген, ерекше көріністерін суреттеп, ажарлай түседі. Сөйтіп, оқырманға әсерлілігін күшейтеді.

Көркем шығармаларда басым орында баяндау алады, яғни автор өз сөзімен оқиғаны баяндап береді. Ол қатысушылардың тартыстарының нақты себебін ашып кейде екі суреттеудің арасына дәнекер болады, қиюластырады, кейде көрсетейін деген өмір құбылысына бағыт сілтейді. «Көркем шығарманың құрылысын талдағанда, мақсат тек байланысын, дәлелдеуін, шарықтау шегін немесе кейіпкерлердің жасалу жолдарын, пейзаж, баяндауларын танып, білу ғана емес, шығарманың бүтін дүние ретіндегі тұтастығын, оны баяндаудағы автордың шеберлігін де білу керек» [1; 43].

Көркем шығарманы оқығанда барлығы бірыңғай емес, әр алуан әдіс, әр түрлі жолдармен құрылады. Көрсетейін деген өмір құбылыстарын қалай суреттемек, композициясын қалай қиыстырмақ, қайткенде ол тартымды, қызықты болады, міне, осыларға байланысты мәселелер алдыңғы кезекте тұрады. Жазушы шығармасында бір оқиғаны, оған қатысушы адамдарды және олардың айналасын көрсете отырып, көбінесе осылардың барлығын өзі қалай көрді, білді, оны ашып айтпайды. Шығарманың композициясында баяншының рөлі үлкен. Оның маңызы мынадан көрінеді:

- а) адамға, оқиғаға белгілі бір көзқарасы;
- ә) айтылған оқиғаның тәртібі және оның характері;
- б) оқиға жайындағы пікірмен байланысты түсіндірменің характері;
- в) оқиғаны аңыздаудың характері [4].

Кез келген әдеби туындыда біз шынайы өмірден алынған ақиқатты сезінеміз. Әрине, ол болмысты сол күйінде суреттемейді. Әдебиет өмірдің шындығын, оқиғалар мен әрекеттерді, құбылыстарды өзгеріссіз емес, жинақтай, көркемдей суреттейді. Яғни әдебиеттегі өмір дегеніміз — өмірдің бейнесі. Қандай көлемді шығарманың өзі өмірдің барлық қырын қамти алмайды, яғни уақыт, кеңістік, әрекет жағынан шектеулі аяда қалады. Сонымен, тұтастай алғанда, әдеби шығарма — үнемі қозғалыс үстінде болатын адам өмірінің қандай да бір шектеулі ортадағы көркем бейнесі. Әдеби шығарма сонымен бірге — нақты ұғым. Себебі біз оны қолымызға алып оқимыз, көзбен көреміз. Олай болса, бір әдеби шығарма басқа өнер туындысының өмірге келуіне де ықпал етеді. Сонда, біріншіден, әдеби шығарма өмірдің бейнесі; екіншіден, ақиқат өмірдегі нақты зат болып табылады.

Әдеби шығарманың өмірден орнын табу үшін қаламгердің оны жазып шығуы жеткіліксіз, сонымен бірге оны оқырман қабылдауы керек. Яғни қаламгер өз шығармасында оқырманның көкейіндегі мәселені тереңнен қозғап, әдеби шығармада бейнеленген өмірді әр оқырман өз өміріндей жақын қабылдап, «әдебиеттегі өмірге» жан-тәнімен араласып кететіндей, сана-сезіміне әсер ете алуы керек. Бұл мәселелер мазмұн мен пішіннің бірлігінен келіп жүзеге асады. Мазмұн — ақиқат өмірді танып-білу мен сараптаудан, бейнелеуден туатын тұтастық. Бұлар өзімен-өзі жеке-дара қалып қоймайды. Олар әдеби шығармада бейнеленген оқиғалардың, іс-әрекеттердің, сезім-күйлердің өне бойында көрініс тауып отырады. Туындыдағы қандай да бір бөлшектің тек көркем сөз арқылы ғана өмір сүретіні белгілі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Есембеков Т.* Әдеби талдауға кіріспе. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1991. — 78 б.
- 2 *Хализев В.* Теория литературы. — М.: Высш. шк., 2005. — 404 с.
- 3 *Бахтин М.* Вопросы литературы и эстетики. — М.: Худож. лит., 1975. — С. 128.
- 4 *Бабенко Л.Г.* Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа. — М.: Академпроект, 2004. — С. 248.

Ж.К.Кишкенбаева

Понятия «автор», «повествователь», «рассказчик» в художественном тексте

В статье исследуются роль и место сказителя и рассказчика в художественном произведении, их общие и отличительные черты, показано, как сказитель доводит до читателя образ героя, переходит границы описания, передавая его внутренний мир. Автором анализируются труды российских и казахстанских ученых, освещающие такие понятия, как «образ автора», «рассказчик», «сказитель».

In article the role both art features of the storyteller and a rasskazichka in work are opened. Scientific approaches and opinions of scientists-literary critics in a problem of an image of the author, the story-teller and the storyteller in art proizvedniya are analyzed.